

**Проф. Батпенова Г.Р., проф. Круглова Л.С., доцент Туир Г.З., доцент
Алгазина Т.О. авторлар тобы әзірлеген «Псориаз» оқу құралына**

РЕЦЕНЗИЯ

Проф. Батпенова Г.Р., проф. Круглова Л.С., доцент Туир Г.З., доцент Алгазина Т.О. авторлар тобы әзірлеген «Псориаз» оқу құралы жоғары медициналық оқу орнының студенттеріне, дерматовенерологтарға, жалпы тәжірибелік дәрігерлерге, терапевтерге және педиатрларға арналған. Бұл оқулық псориаз ауруын терең зерттеуге бағытталған.

Қазақстан Республикасындағы ресми статистика бойынша псориаз дерматоздар құрылымы бойынша тері ауруларының ішінде жетекшілік орынды алады. Сонымен қатар, өмірінде алғаш рет диагноз қойылған науқастардың көпшілігі 16 мен 30 жас аралығындағы адамдар.

Әзірленген оқу құрады бірнеше тараудан тұрады: жалпы сұрақтар, псориаз терапиясы, псориазды артрит, балалардағы псориаз, дәрілік псориаз, псориаз және Covid-19. Сонымен қатар оқулықта тақырыптарға сай барлық деңгейде тест тапсырмалары берілген.

Қазіргі уақытта псориаз созылмалы дерматоздардың бірі болып табылады және заманауи дерматология мәселелерінің арасында жетекші орындардың бірін алады. Псориазды зерттеудің өзектілігі аурудың созылмалы қайталанатын ағымымен, оның халық арасында 5-6% -ға дейін таралуымен, орташа және ауыр түрлерінің жоғары жиілігімен (25-30%) және псориазды артритпен (1% дейін) кездесуімен байланысты. Жалпы тері бөртпелері мен буындардың зақымдануы пациенттердің өмір сүру сапасына айтарлықтай әсер етеді, бұл мүгедектікке әкеледі.

Бұл оқу құралы логикалық тұрғыда құрастырылған, тәжірибелік бағыттылығы бар және иллюстрациялық материалдың жеткілікті көлемін қамтиды. Оқу құралы жоғары медициналық оқу орнының резиденттеріне, дәрігер дерматовенерологтарға, жалпы тәжірибелік дәрігерлерге және ревматологтарға псориаз ауырымен толық деңгейде танысуына мүмкіндік береді.

**ДСЖМ Қазақстан Медициналық
Университеті, дерматовенерология кураторының
меңгерушісі, медицина ғылымының докторы
профессор**



Аскарова Г.К.

Заведующий